




Тақырыбы:

Оқудың түрлері

Арнайы түзету мектебінде кең тараған оқу түрі – дауыстап оқу. Психологтардың зерттеуінше дауыстап оқу материалды түсінуге жағдай жасайды. Бұл жағдай жоғарғы және төменгі сынып аралығында да таралған. Оның себебі оқушылар мәтінді көріп қана қоймайды, айтады және естиді. Дауыс мәнеріне көңіл аударып оқу, оқушылардың мәтінді түсініп оқуына көмектеседі.



Дауыстап оқу мұғалімге оқушылардың жүргізіп оқу мәнерін көрсету, сөйлеу тілінің ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі. Оқушылардың дауыстап оқуын әрдайым қадағалап отыру, бірінші орында оның дұрыс оқылуына жағдай жасайды. Дегенменде, оқытудың бұл түрі әрқашан қолайлы және үнемді болмайды, себебі оқытудың жай түрі дауыстап оқуға қарағанда – есе тезірек. Балаларды өмірге дайындай отырып, оқудың бұл түрін қолдана білуге үйретуіміз керек. Оқушыларға мұғалімні көмегінсіз мәтінді оқу үлкен қындық тудырады.



**Дауыстап оқу түрінің қызықты
салыстырмалы мәліметтері М.Ф.**

**Гнездилованың «арнайы мектептерде қазақ
тілі пәнін оқытудың әдістемесі» аты
кітабында жазылған: екінші сынып
оқушысының дауыстап оқудың мазмұнына
байланысты қойылған сұрақтарға берген
дұрыс жауабы 42%-ды құрады, үнсіз оқудан
соң – 26%; үшінші сынып оқушысы
дауыстап оқудан соң сұрақтардың 60% - а
дұрыс жауап берді, үнсіз оқудан соң – 33%.
Оқушылар тек төртінші сыныптан бастап
дауыстап оқуды өз бетінше үйренеді.**





Ақыл – ойында бұзылысы бар балаларға арналған мектеп оқушыларына қарағанда жалпы мектеп оқушыларының нәтежиелері жоғары болады. Интеллектісі қалыпты оқушылардың екінші сыныптан бастап ақ өз бетінше дауыстап оқуды үйренеді және түсінік айтуға машықтанады.

Арнайы мектеп оқушыларының мәтінді өз бетінше оқып, түсінік қалыптастыру қаншалықты қиын болсада, оны қалыптастыруға жағдай жасау қажет. Дайындық кезеңі бірінші сыныптан бастап жүрседе, жұмыстың басында бағдарлама оқытудың үшінші жылының екінші жартысына ыңғайлап қойылады. Онда оқушылар мәтіннен суретке сай немесе мұғалім қойған сұраққа жауап іздейді. Үшінші сыныпта өз бетінше оқу түрі қалыптасады. Бұған дейін оқушылар дауыстап оқу техникасымен танысады және бүтіндей оқуды үйренеді.



Үшінші сыныпта өз бетінше оқу түрінің құрылымы барынша қарапайым болуы керек. Жоғары сыныптарда мұғалім алдын ала түсіндіретін қиын сөздерді пайдалануға болады. Дегенмен таныс емес сөздердің саны көп болмауы керек. Бастапқыда оқушылар өз бетінше оқу түрін қолданғанда дауыстап оқуға ыңғайланып тұрады, сондықтан сыбырлап оқу түрі сақталалады.

Оқушылар өз ішінен оқуды ұғыну үшін, дәрежелеріне байланысты әр – түрлі қиын тапсырмаларды қолданса болады. Ережеге сәйкес ол тапсырмаларды мәтінді үнсіз оқудың алдында береді:

1. Карточкада жазылган тапсырманы оқып, оны орында

2. Мәтіннің ішінен тақтада жазылган екі, үш сұрақтың жауабын тап.

3. Тақтада жазылган бірнеше сұрақтарға жауап беруге дайындал.

4. Мазмұндама айтуға дайындал.

5. Өзіңнің мүлдем түсінбейтін сөзіңді таңдап жаз.

6. Көрсетілген жоспарға сай мәтінді бөл.

7. Мәтінді өз бетіңше бөлшектерге бөл.



Бастапқы оқыту кезеңінде іштей оқу түрін өз бетінше қолдану таңдалған мәтінді дауыстап оқуға негіз болады. Оқушылар таңдалған мәтін ішінен үзінді оқи отырып, көрсетілген қиын тапсырмалардың бірін орындайды. Оқушыларға өз ішінен оқитын үзінді түсінікті болуы үшін мәтіннің көрсетілген негізгі бөлігін мұғалім оқиды. Осылайша үшінші сыныпта мұғалім балалардың көңілін сюжетке аудара отырып әңгіменің бірнеше абзацын оқиды. Соңғы екі абзацты оқушыларға өз ішінен оқуды тапсырады. Сөйтіп бірнеше сұрақтар қояды. Әңгімені оқыр алдында дайындық кезеңі үшінші сынып оқушыларына мәтінді өз бетінше оқуға және сұрақтарға жауап беруге көмектеседі.

Төртінші сыныптан бастап өз ішінен оқитын мәтіннің көлемі өседі. Дегенмен үнсіз оқу түрі сақталады. Өз бетінше оқудың толық түрі жаттығуға арналған арнайы мәтінде қолданылады.



Алтыншы сыныпта оқушылар мазмұнына қарай көлемі кішірек мәтінді өз бетінше оқиды немесе кейінірек дауыстап та оқи алады.

Жетінші сыныптан бастап оқудың екі түрі де толықтай параллельді түрде қолданылады. Оқушылар мәтіннің белгілі бір бөлігін дауыстап оқиды, кейбір абзацтарды мұғалімнің тапсырмасы бойынша өз ішінен оқиды, маңызды бөлігін дауыстап оқи отырып сыныпта талдайды, ал қалған бөліктері үйге тапсырма ретінде үнсіз оқу түрінде беріледі.